

Сирек және жерде сирек кездесетін металдар бойынша пайдалы қазбаларға өндіру салығының ставкаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1323 Қаулысы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 339-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған сирек және жерде сирек кездесетін металдар бойынша пайдалы қазбаларға өндіру салығының ставкалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 2 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Сирек және жерде сирек кездесетін металдар бойынша пайдалы қазбаларға өндіру салығының ставкалары

Р/с N	Пайдалы қазбалардың түрлері:	Салық ставкасы, %	
1.	Сирек металдар	Литий, бериллий, тантал, стронций	7,7
2.	Жерде сирек кездесетін металдар	Празеодим, неодим, прометий, самарий, европий, гадолиний, тербий, диспрозий, гольмий, эрбий, тулий, иттербий, лютеций, иттрий	6,0